

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 желтоқсандағы № 361-IV Заңы

2006 жылғы 6 қарашада Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция және оған Хаттама ратификациялансын.

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Н. Назарбаев*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция (2011 жылғы 19 қаңтарда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені, 2011 ж., № 2, 20-құжат)**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі, Табыс пен мүлікке салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция жасасуға ниет білдіре

о т ы р ы п ,  
мыналар туралы келісті:

**1-бап**

**Конвенция қолданылатын тұлғалар**

Осы Конвенция Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

**2-бап**

**Конвенция қолданылатын салықтар**

1. Осы Конвенция алу әдістеріне қарамастан, Мемлекеттің, оның орталық немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қолданылады.

2. Табыс пен мүлікке салынатын салықтар деп жылжитын және жылжымайтын мүлікті шеттетуден алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін қызмет ақының немесе жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды, сондай-ақ мүлік құнының өсімінен алынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан, мүліктің жалпы сомасынан немесе табыстың не мүліктің жекелеген элементтерінен алынатын барлық салықтың түрлері есептеледі.

3. Атап айтқанда, осы Конвенция қолданылып жүрген салықтар мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасында:
- a) корпорациялық табыс салығы;
  - b) жеке табыс салығы;
  - c) мүлікке салынатын салық;
- (бұдан әрі - «қазақстан салықтары» деп аталатын);
- Армения Республикасында:
- a) пайдаға салынатын салық;
  - b) табыс салығы;
  - c) мүлікке салынатын салық;
- (бұдан әрі - «армения салықтары» деп аталатын).

4. Осы Конвенция сондай-ақ осы Конвенция күшіне енген күннен кейін осы баптың 3-тармағында көрсетілген қолданыстағы салықтарға қосымша немесе олардың орнына алынатын бірдей немесе мәні бойынша ұқсас кез келген салықтарға қолданылады. Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің салық салуға қатысты ұлттық заңнамаларында болатын кез келген елеулі өзгерістер туралы бір-біріне хабардар етіп отырады.

### **3-бап**

#### **Жалпы анықтамалар**

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін мынадай терминдер қолданылады:

a) «Қазақстан» - Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада қолданған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан Республикасы өзінің ұлттық заңнамасына және өзі қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес өзінің егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аймақты қамтиды;

b) «Армения» - Армения Республикасын білдіреді және географиялық мағынада қолданған кезде Армения Республикасы өзінің ұлттық заңнамасына және халықаралық

- шарттарға сәйкес өзінің егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын жерді, суды, жер қойнауын және әуе кеңістігін қоса алғандағы аумақты білдіреді;
- с) «Мемлекет» - түпмәтінге байланысты Қазақстанды немесе Арменияны білдіреді;
  - д) «тұлға» - жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін білдіреді;
  - е) «компания» - салық салу мақсаттары үшін корпорациялық құрама ретінде қарастырылатын кез келген корпорациялық құраманы немесе кез келген басқа экономикалық бірлікті білдіреді;
  - ф) «кәсіпорын» - кез келген кәсіпкерлік қызмет түрін жүзеге асыруға қолданылады;
  - г) «мемлекеттің кәсіпорны» және «екінші Мемлекеттің кәсіпорны» - тиісінше Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;
  - h) «халықаралық тасымал» - теңіз, әуе кемесі немесе автомобиль көлігі екінші Мемлекеттің пункттері арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Мемлекеттің кәсіпорыны пайдаланатын теңіз, әуе кемесімен, автомобиль көлігімен кез келген тасымалды білдіреді;
  - і) «құзыретті орган» мыналарды:
    - (i) Қазақстанда: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;
    - (ii) Арменияда: Армения Республикасының Қаржы және экономика министрін және Армения Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік салық қызметінің бастығын немесе олардың уәкілетті өкілдерін білдіреді;
  - j) «ұлттық тұлға» мыналарды:
    - (i) Мемлекетте азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;
    - (ii) Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес өз мәртебесін алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе қауымдастықты білдіреді;
  - к) «кәсіпкерлік қызмет» кәсіби көрсетілетін қызметті және тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметті жүзеге асыруды қамтиды;
  - l) «тиімді басқару орны» - заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін қажетті негізгі басқаруды жүзеге асырудың және стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылдаудың орнын білдіреді.
2. Осы Конвенцияны қолданған кезде, онда айқындалмаған кез келген термин, егер түпмәтіннен өзге мағына туындамаса, осы Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты осы Мемлекеттің ұлттық заңнамасы бойынша осы кезде қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаны иеленеді. Мемлекеттің қолданыстағы салық заңнамасы бойынша терминнің кез келген мағынасы осы Мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминге берілетін мәннен көрі басымдыққа ие болады.

## 4-бап

### Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «Мемлекеттің резиденті» термині осы Мемлекеттің заңнамасы бойынша оның тұратын жері, резиденттігі, құру орны, басқару орны немесе осындай сипаттағы кез келген басқа өлшем негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді.

«Мемлекеттің резиденті» термині Мемлекеттің өзін, оның орталық немесе жергілікті билік органдарын немесе Мемлекеттің Орталық (Ұлттық) Банкін де қамтиды.

Мемлекетте осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа қатысты ғана немесе онда орналасқан мүлікке қатысты салық салынуға жататын тұлғалар резиденттер болып табылмайды.

2. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі мынадай түрде айқындалады:

a) ол өзі пайдаланатын, меншігіне жататын тұрақты баспанасы бар Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі; егер оның Мемлекеттердің екеуінде де өзі пайдаланатын, меншігіне жататын тұрақты баспанасы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары (өмірлік мүдделер орталығы) бар жердегі Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

b) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе Мемлекеттердің біреуінде де өзі пайдаланатын, меншігіне жататын тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан жердегі Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

c) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол азаматы болып табылатын Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

d) егер резиденттің мәртебесі a) - c) тармақшаларына сәйкес айқындалмаған болса, Мемлекеттердің құзыретті органдары өзара келісе отырып, осы мәселе бойынша шешім қабылдайды.

3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, ол тиімді басқару орны орналасқан Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі.

## 5-бап

### Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «тұрақты мекеме» термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. Атап айтқанда, «тұрақты мекеме» термині мыналарды қамтиды:

- a) басқару орнын;
- b) бөлімшені;
- c) кеңсені;
- d) фабриканы;
- e) шеберхананы;

f) шахтаны, мұнай немесе газ ұңғымасын, кенішті, қондырғыны, ғимаратты немесе табиғи ресурстарды барлайтын (кемені қоса алғанда) немесе өндіретін басқа да кез келген кен орнын қамтиды.

3. Егер мұндай алаң немесе объекті кез келген он екі айлық кезеңде 6 айдан астам уақыт бойы жұмыс істеп тұрған болса ғана, құрылыс алаңы немесе құрылыс немесе монтаждау немесе құрастыру объектісі тұрақты мекемені құрайды.

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан «тұрақты мекеме» термині мыналарды:

a) құрылыстарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, жеткізу немесе көрсету мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, жеткізу немесе көрсету мақсаттары үшін ғана ұстауды;

c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын өзге кәсіпорынның қайта өңдеу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

d) тұрақты қызмет орнын тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстауды;

e) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

f) тұрақты қызмет орнының осындай тәсілдеменің нәтижесінде туындаған жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орнын осы тармақтың a) тармақшасынан e) тармақшасына дейін көрсетілген қызмет түрлерінің кез-келген тәсілдемесін жүзеге асыру үшін ғана ұстауды қамтитын сияқты қарастырмайды.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер оған осы баптың 6-тармағы қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорын атынан әрекет етсе және Мемлекетте кәсіпорын атынан келісім-шарттар жасауға өкілеттігі болса және оны әдетте пайдаланып жүрсе, тек егер осындай тұлғаның қызметі осы баптың 4-тармағында айтылған қызмет түрлерімен шектелмесе, ол егер кәсіпкерлік қызметтің тұрақты орны арқылы жүзеге асырылса да, осы кәсіпкерлік қызметтің тұрақты орны осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге

айналдырылмаса, онда кәсіпорын осы тұлғаның кәсіпорын үшін қолға алатын кез келген қызметіне қатысты осы мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қ а р а с т ы р ы л а д ы .

6. Кәсіпорын осы Мемлекеттегі кәсіпкерлік қызметін делдал, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, егер осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаған жағдайда, Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

7. Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы немесе осы екінші мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысуы (не болмаса тұрақты мекеме арқылы немесе өзге жолмен айналысуы) фактісінің өзі-ақ осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

## **6-бап**

### **Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс**

1. Мемлекеттің резиденті екінші Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табысына (ауыл немесе орман шаруашылығынан алынатын табысты қоса алғанда ) осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. «Жылжымайтын мүлік» термині қаралып отырған мүлік орналасқан Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес ие мағынаға ие болады. Термин кез-келген жағдайда ғимаратты, жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықтарды, жерді пайдалану және жер меншігі құқықтарын, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа табиғи қазбаларды игеру үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе кесімді төлемдерге арналған құқықтарды қамтиды. Теңіз және әуе кемелері немесе автомобиль көлігі жылжымайтын мүлік ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған т а б ы с қ а қ о л д а н ы л а д ы .

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа да қолданылады.

## **7-бап**

### **Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда**

1. Егер кәсіпорын екінші мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекемесі арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаса немесе жүзеге асырмаған болса, мемлекет кәсіпорының пайдасына тек осы мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын,

екінші мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе жүзеге асырған болса, онда кәсіпорынның пайдасына екінші Мемлекетте салық салынуы, бірақ мыналарға:

а) осындай тұрақты мекемеге;

б) тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарлармен немесе бұйымдармен бірдей немесе ұқсас тауарларды немесе бұйымдарды осы екінші Мемлекетте сатуға; немесе

с) өзінің сипаты жөнінен осындай тұрақты мекеме (өкілдігі) арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметпен сәйкес келетін осы екінші Мемлекетте жүзеге асырылатын басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігінде ғана салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер Мемлекеттің кәсіпорны екінші мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырса, онда осы тұрақты мекеме нақ осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе оған ұқсас қызметпен айналысатын оқшауланған және жеке кәсіпорын болған болса, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан мүлдем дербес әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда әрбір Мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын қоса алғанда, тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалмағанына қарамастан тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған құжаттық расталған шығыстарды шегеріп тастауға жол беріледі.

Тұрақты мекеменің кәсіпорынға:

а) патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, қаламақы және басқа да төлемдер түрінде;

б) көрсетілетін қызметтер үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық түрінде;

с) кәсіпорын (банктерді қоспағанда) оған берген қарыз үшін пайыздар түрінде төлеген сомасының (жұмсалған шығыстардың өтемақысына қарағанда өзге) салық салынатын базасынан шегерім жасауға тұрақты мекеменің құқығы жоқ.

Тұрақты мекеменің пайдасы кәсіпорындардан:

а) патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, қаламақы және басқа да төлемдер түрінде;

б) көрсетілген қызметтер үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық түрінде;

с) кәсіпорынға (банктерді қоспағанда) өзі берген қарыз үшін пайыздар түрінде алынған (жұмсалған шығыстардың өтемақысына қарағанда өзге) соманы қоспауы тиіс.

4. Осы тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алуы негізінде ғана тұрақты мекемеге қандай да болмасын пайда есептелмейді.

5. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында олар туралы жеке айтылатын табыс түрлерін қамтитын болса, онда ол баптардың ережелері осы баптың ережелерін қозғамайды.

6. Егер осындай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса,

осы баптың алдындағы тармақтарының мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда жыл сайын біркелкі тәсілмен айқындалады.

## **8-бап**

### **Халықаралық тасымалдардан алынатын табыстар**

1. Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда осы Конвенцияның 3-бабы 1-тармағының h) тармақшасында көрсетілген көлік құралдарын пайдаланудан алған табысына осы мемлекетте ғана салық салынады.

2. Мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның 3-бабы 1-тармағының h) тармақшасында көрсетілген көлік құралдарын, сондай-ақ контейнерлер мен оларға қатысты жабдықтарды халықаралық тасымалдарда пайдалану үшін оларды жалға беруден алынатын табысқа осы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері Мемлекет резиденті көлік құралдарын пайдалану бойынша бірлескен қызметке қатысудан алынған табысқа да, бірақ бірлескен қызметтегі оның үлесіне жататын табыстың бөлігіне ғана қатысты қолданылады.

## **9-бап**

### **Қауымдасқан кәсіпорындар**

1 . Е г е р :

а) мемлекеттің кәсіпорны екінші Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

б) сол бір ғана тұлғалар Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, және әр жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржы өзара қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда солардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылып, оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Мемлекет екінші Мемлекеттің кәсіпорны осы екінші Мемлекетте салық салынатын пайданы осы Мемлекет кәсіпорынның пайдасына қосып, тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда алғашқы аталған мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болса, егер екі кәсіпорынның арасындағы өзара қатынастар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағыдай болса, онда осы екінші Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзету жасауға тиіс. Осындай түзетуді



айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері қаралуға тиіс және мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған жағдайда бір-біріне консультация беруі тиіс.

## 10-бап

### Дивидендтер

1. Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда резиденті дивидендтер төлейтін компания болып табылатын мемлекетте және осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес мұндай дивидендтерге де салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының 10 п а й ы з ы н а н а с п а у ы т и і с .

Осы тармақтың ережелері компанияның дивидендтер төленетін пайдаға қатысты с а л ы қ с а л у ы н қ о з ғ а м а й д ы .

3. «Дивидендтер» термині осы Конвенцияда пайдаланылғанда акциялардан немесе борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлетін компанияның резиденті болып табылатын мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс сияқты салық реттеуіне жататын басқа да корпорациялық құқықтарынан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған екінші мемлекетте орналасқан тұрақты мекемесі арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және төленетін дивидендтерге қатысы бар, шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен байланыста болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Конвенцияның 7-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған болса, осы екінші Мемлекеттің резидентіне төленетін мұндай дивидендтер шын мәнінде осы екінші мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен байланыста болатын жағдайдан басқа, екінші Мемлекет осы компания төлейтін дивидендтерден кез келген салықты алмауы тиіс және де бөлінбеген пайдадан, тіпті егер төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда толығымен не ішінара осы екінші Мемлекетте пайда болған табыстан тұрса да, компанияның бөлінбеген пайдасынан бөлінбеген пайдаға салынатын салықты ала алмайды.

6. Осы Конвенция ережелерінің ешқайсысы да Мемлекетке осы Мемлекеттің тұрақты мекемесіне жататын резидент - компанияның пайдасына осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып отырған компанияның пайдасына есептелген салыққа, егер

осылай есептелген кез келген қосымша салық бұрынғы салық салынатын жылдары мұндай қосымша салық салынбаған мұндай табыс сомасының 5 пайызынан аспаса қосымша салық салуға бөгет жасай алмайды. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте өндіріп алынатын осы тармақта айтылған қосымша салықтан өзгеше барлық салықтар пайдадан шегерілгеннен кейін айқындалады.

## 11-бап

### Пайыздар

1. Мемлекетте пайда болатын және екінші мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға осы екінші мемлекетте салық салына алады.

2. Алайда мұндай пайыздарға олар пайда болатын мемлекетте осы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес салық салынуы да мүмкін, бірақ егер алушы пайыздардың іс жүзіндегі иесі бола тұрып, екінші Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылай алынған салық пайыздардың жалпы сомасының 10 пайызынан аспауы тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан бір Мемлекетте туындаған пайыздар осы Мемлекетте салық салудан босатылады, егер олар екінші Мемлекетке, оның орталық немесе жергілікті билік органдарына немесе осы екінші Мемлекеттің Орталық (Ұлттық) Банкісіне немесе осы сияқты кез-келген басқа ұйымдарына алынып және соларға жататын болса соңынан мемлекеттердің құзыретті органдары арасында келісімге жетуі мүмкін.

4. «Пайыздар» термині осы Конвенцияда пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген, борышкерлердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін қандай да болсын борыш талаптарынан алынатын табысты және атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осы бағалы қағаздар, облигациялар және борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйлықтар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Дер кезінде төленбеген айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін пайыздар ретінде қарастырылмайды.

5. Егер Мемлекеттің резиденті болып табылатын пайыздардың іс жүзіндегі иесі пайыздар пайда болатын екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және пайыздар төленетін борыш талабы шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге қатысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Конвенцияның 7-бабының ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, пайыздар Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер пайыздар төлеуші тұлға Мемлекеттің резиденті болып табыла ма, жоқ па - оған қарамастан Мемлекетте пайыздар төленетін

қарыз пайда болған тұрақты мекемесі болса және мұндай пайыздарды осындай тұрақты мекеме төлейтін болса, онда мұндай пайыздар тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

7. Егер төлеуші мен пайыздардың іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында арнайы қатынастар болуы себепті төленетін борыш талабына қатысты пайыздардың сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде, төлеуші мен пайыздардың іс жүзіндегі иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес салық салынады.

8. Егер өзіне қатысты пайыздар төленетін борыш талаптарының жасалуына немесе берілуіне байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осы борыш талаптарын жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

## **12-бап**

### **Роялти**

1. Мемлекетте пайда болатын және екінші Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Мемлекетте салық салына алады.

2. Алайда, мұндай роялтиге, сондай-ақ ол пайда болатын және осы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ алушы роялтидің іс жүзіндегі иесі бола тұра, екінші Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 пайызынан аспауы тиіс.

3. «Роялти» термині осы бапта пайдаланылған кезде бағдарламалық жасақтауды, кинематографиялық фильмдерді, сондай-ақ радиомен хабар тарату, теледидар немесе жаппай тұтыну үшін пайдаланылатын кез келген өнімді қоса алғанда, әдебиет, өнер немесе ғылым шығармаларына, кинематографиялық фильмдерге, кез-келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске кез-келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез-келген түрін және өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төленетін төлемдерді білдіреді.

4. Егер Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің іс жүзіндегі иесі роялти пайда болған екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса және роялти өздеріне қатысты төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Конвенцияның 7-

бабының ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Мемлекеттің резиденті болып табыла ма, немесе табылай ма оған қарамастан Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесі пайда болуына байланысты тұрақты мекемесі болса және осындай роялтилерді тұрақты мекеме төлесе, онда мұндай роялтилер тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында ерекше қатынастар болу салдары негізінде төленетін құқықты немесе ақпаратты пайдалануға тиісті роялтидің сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде роялти төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында келісуге болатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда, төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін нақты ескере отырып, әрбір Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес салық салынады.

7. Егер өзіне қатысты роялти төленетін құқықты жасауға немесе беруге байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі құқықтарды жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

## **13-бап**

### **Мүлікті иеліктен айырудан алынатын табыстар**

1. Мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның 6-бабында анықталған және екінші Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен айырудан алатын табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Мемлекеттің резиденті өз құнынан 50 пайызынан асатын екінші Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен төте немесе жанама алынатын акцияларды иеліктен айырудан алынатын табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Мемлекеттің резиденті Мемлекеттің кәсіпорны екінші Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен айырудан алған табыстарға, мұндай тұрақты мекемені (жеке өзін немесе бүкіл кәсіпорнымен қоса) иеліктен айырудан алынатын табыстарды қоса алғанда, осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз, әуе кемелерін, автомобиль көлігін немесе мұндай теңіз, әуе кемелерін, автомобиль көлігін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен айырудан алынған табыстарға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

5. Осы баптың бұрынғы тармақтарында айтылғаннан өзге кез келген мүлікті иеліктен айырудан алынған табыстарға резиденті мүлікті иеліктен айырушы тұлға болып табылатын тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

## **14-бап**

### **Жалданып істейтін жұмыстан алынатын табыстар**

1. Осы Конвенцияның 15, 17, 18-баптарының ережелерін ескере отырып, Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған жалақыға және басқа да осындай сыйақыға егер жалданып жұмыс істеу екінші Мемлекетте орындалатынын қоспағанда, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс екінші Мемлекетте орындалса, онда осыған байланысты алынған сыйақыға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, екінші Мемлекетте жалданып жұмыс істеуіне байланысты Мемлекеттің резиденті болып алған сыйақыға салық тек алғашқы айтылған Мемлекетте салынады, егер:

а) алушы тиісті салық жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы алғанда 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы екінші Мемлекетте болса; және

б) сыйақыны екінші Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төленсе; және

с) сыйақы төлеу бойынша шығыстарды жалдаушының екінші Мемлекеттегі тұрақты мекемесі жүргізбесе тек алғашқы айтылған Мемлекетте салынады.

3. Осы баптың бұның алдындағы ережелеріне қарамастан Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз, әуе кемесінің немесе автомобиль көлігінің бортында орындалатын жалданып істейтін жұмысқа қатысты алынған сыйақыға салық осы Мемлекетте салынуы мүмкін.

## **15-бап**

### **Директорлардың қаламақылары**

Екінші Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе оған ұқсас органның мүшесі ретінде Мемлекеттің резиденті алған директорлардың қаламақыларына және басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

## **16-бап**

### **Артистер мен спортшылар**

1. Осы Конвенцияның 14-бабының ережелеріне қарамастан, Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер сияқты өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Мемлекетте осындай түрде жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкері немесе спортшы өзінің осы сипатында жүзеге асыратын жеке қызметінен алатын табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа осы Конвенцияның 7 және 15-баптарының ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Мемлекетте салық салынады.

## **17-бап**

### **Зейнетақылар мен басқа да осыған ұқсас төлемдер**

Осы Конвенцияның 18-бабының 2-тармағының ережелеріне сәйкес бұрын жүзеге асырған жұмысы үшін Мемлекеттің резидентіне төленетін зейнетақылар мен басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы Мемлекетте ғана салық салынады.

## **18-бап**

### **Мемлекеттік қызмет**

1. Жеке тұлғаға осы Мемлекет немесе оның орталық немесе жергілікті билік органдары үшін жүзеге асырған қызметіне Мемлекет немесе оның орталық немесе жергілікті билік органдары төлейтін зейнетақыға қарағанда өзге жалақыға және басқа осыған ұқсас сыйақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

Алайда мұндай жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға, егер қызмет осы екінші Мемлекетте жүзеге асырылса және:

- а) осы Мемлекеттің азаматы болып табылатын; немесе
- б) қызметті жүзеге асыру мақсаты үшін ғана осы мемлекеттің резиденті болмаған жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, тек екінші Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Жеке тұлғаға осы Мемлекет немесе оның орталық немесе жергілікті билік органдары үшін жүзеге асырған қызметтеріне Мемлекет немесе оның орталық немесе жергілікті билік органы немесе олар құрған қордан төленетін кез келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

Алайда мұндай зейнетақыға егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса, тек екінші Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Конвенцияның 14, 15, 16 және 17-баптарының ережелері Мемлекет немесе оның орталық және жергілікті билік органдары жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қызметке қатысты қызметақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

## **19-бап**

### **Студенттер**

Мемлекетке келер алдында тікелей екінші Мемлекеттің резиденті болып табылатын және тек білім алу немесе практикадан өту мақсатында бірінші айтылған Мемлекетте болған студент немесе практикант өзін ұстау, білім алу немесе практикадан өту мақсаты үшін алатын төлемдерге осы сома көздері осы Мемлекеттен тысқары жерде болған жағдайда, салық салынбайды.

## **20-бап**

### **Басқа да табыстар**

1. Пайда болу көздері туралы осы Конвенцияның бұның алдындағы баптарында айтылмайтын Мемлекет резидентінің табыс түрлеріне қарамастан оларға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Егер Мемлекеттің резиденті бола тұра мұндай табыстарды алушы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және табыстар төленіп отырған құқық немесе мүлік осындай тұрақты мекемемен байланысты болса, осы Конвенцияның 6-бабының 2-тармағында айқындалғандай, жылжымайтын мүліктен алынған табыстардан өзге табыстарға осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Конвенцияның 7-бабының ережелері қолданылады.

## **21-бап**

### **Мүлік**

1. Мемлекеттің резидентіне жататын және екінші Мемлекетте орналасқан осы Конвенцияның 6-бабында айтылған жылжымайтын мүлік ретінде ұсынылған мүлікке тек осы екінші Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Мемлекеттің кәсіпорыны екінші Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік ретінде ұсынылған мүлікке осы екінші Мемлекетте салық салынады.

3. Мемлекет резидентінің халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз, әуе кемелері немесе автомобиль көлігі түріндегі мүлікке және осындай теңіз, әуе кемелерін, автомобиль көлігін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған мүлікке тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Мемлекеттің резиденті мүлігінің барлық басқа элементтеріне тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

## 22-бап

### Қосарланған салық салуды жою

1. Егер Мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс тапса немесе мүлік иеленсе алғашқы аталған М е м л е к е т :

а) осы резиденттің табысына салынатын салықтан екінші Мемлекетте төленетін табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға;

б) осы резиденттің мүлігіне салынған салықтан осы екінші Мемлекетте төленген мүлікке салынған салыққа тең соманы шегеріп тастауға мүмкіндік береді.

Осылай шегерімдер кез келген жағдайда осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін табысқа немесе мүлікке қатысты шегерім жасалғанға дейін есептелген табыс салығының немесе мүлікке салынатын салықтың бөлігінен аспауы керек.

2. Егер осы Конвенцияның қандай да болсын ережесіне сәйкес Мемлекет резидентінің алатын табысы және мүлігі осы Мемлекетте салықтан босатылған болса, осы Мемлекет соған қарамастан осы резиденттің табысы мен мүлігінің қалған бөлігіне соманы есептеген кезде табыс немесе мүлік салығынан босатылғанын назарға алады.

## 23-бап

### Кемсітпеу

1. Мемлекеттің ұлттық тұлғалары нақ осындай жағдайларда осы екінші Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға қарағанда анағұрлым ауыртпалықты кез келген салық салуға, атап айтқанда резиденттікке қатысты екінші Мемлекетте ұшырамайды. Бұл ереже осы Конвенцияның 2-бабының ережелеріне қарамастан, Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Мемлекеттің кәсіпорны екінші Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осындай қызметті жүзеге асыратын осы екінші Мемлекеттің кәсіпорнына салық салуға қарағанда осы екінші Мемлекетте неғұрлым қолайлы болуы тиіс. Осы ереже Мемлекетті екінші Мемлекеттің резидентіне оларды салық төлеуден және азаматтық мәртебе немесе өзінің резидентіне беретін отбасы жағдайлары негізінде салық салу мақсаттары үшін кез келген жеке салық жеңілдіктері мен шегерімдер беруге міндеттейтін болып түсіндірілмеуі тиіс.

3. Осы Конвенцияның 9-бабының 1-тармағының, 11-бабының 7-тармағының, 12-бабының 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Мемлекеттің кәсіпорны екінші Мемлекеттің резидентіне төлейтін пайыздар, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның пайдасын айқындау мақсаты үшін алғашқы аталған Мемлекеттің резидентіне олар қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда



шегеріліп тасталуы тиіс. Осы секілді Мемлекет кәсіпорнының екінші Мемлекеттің резидентіне кез келген қарызы осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсаттары үшін алғашқы аталған Мемлекеттің резидентінің қарызы қалай шегерілсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуға тиіс.

4. Капитал екінші Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей немесе жанама түрде бақылауында болатын Мемлекеттің кәсіпорындары алғашқы аталған Мемлекеттің басқа ұқсас кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға қарағанда анағұрлым ауыртпалықты салық салуға алғашқы аталған Мемлекетте ұшырамауы тиіс.

5. Осы баптың ережелері, 2-баптың ережелеріне қарамастан, барлық салықтың түріне қолданылады.

## **24-бап**

### **Өзара келісіп алу рәсімі**

1. Егер тұлға Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар ететін болады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген қорғану құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резидент болып табылатын сол Мемлекеттің немесе оның бастан кешірген жағдайы 24-баптың 1-тармағына қатысты болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Мемлекеттің құзырлы органдарының қарауы үшін бере алады. Өтініш осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы бірінші хабарлама берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттандырарлық шешімге келе алмаса, осы Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген келісім Мемлекеттердің ұлттық, заңнамаларында көзделген уақыттағы кез келген шектеуге байланысыз орындалатын болады.

3. Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияны түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмәнды өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Олар Конвенцияда көзделмеген жағдайларда, қосарланған салық салуды болдырмау мақсатында бір-біріне консультация да бере алады.

4. Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның алдындағы тармақтарын түсінуде келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланысқа түсе алады. Егер Конвенцияға қол жеткізу үшін ауызша пікір алысуды

ұйымдастыру қажет болса, осындай пікір алысу Мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын арнайы комиссияның отырысы шеңберінде өткізілуі мүмкін.

## **25-бап**

### **Ақпарат алмасу**

1. Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін немесе салық салу әзірше Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде Мемлекеттің немесе оның орталық немесе жергілікті билік органдарының атынан салынатын салықтың кез келген түріне қатысты ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпаратпен алмасады. Ақпаратпен алмасу 1 және 2-баптармен шектелмейді.

2. Мемлекет 1-тармаққа сәйкес алған кез келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңнамасы шеңберінде алынған ақпарат сияқты құпия болып саналады және осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтарға қатысты бағалаумен немесе мәжбүрлеп өндіріп алумен, сот бойынша қудалаумен немесе апелляцияларды қараумен байланысты тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана Хабарланады. Осындай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар осы ақпаратты ашық сот отырысы барысында не сот шешімдерін қабылдаған кезде ашуы мүмкін.

3. Ешқандай жағдайда 1 және 2-тармақтардың ережелері Мемлекеттерге:

а) осы немесе екінші Мемлекеттің заңнамасына және әкімшілік іс-тәжірибесіне қайшы келетін әкімшілік шараларын қолға алу;

б) осы немесе екінші Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілік іс-тәжірибесі барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіби құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпаратты беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмейді.

4. Егер Мемлекет осы бапқа сәйкес ақпаратты талап ететін болса, тіпті егер осы екінші Мемлекет өзінің жеке салық мақсаттары үшін мұндай ақпаратқа мұқтаж болмаса да, екінші Мемлекет өзінің иелігіндегі талап етілетін ақпаратты алу үшін ақпаратты жинау жөніндегі құралдарды пайдаланады. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме 3-тармақтың шектеулеріне бағынады, бірақ ешқандай жағдайда осындай шектеу мұндай ақпаратқа деген ішкі мүдде болмағандықтан ғана Мемлекетке ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде қарастырылмайды.

5. Ешқандай жағдайда 3-тармақтың ережелері банкте, басқа қаржы мекемелерінде, атаулы меншік иесінде немесе агенттікте немесе сенімді тұлға ережелерінде әрекет ететін тұлғада бар ақпарат немесе мұндай ақпарат қандай-да бір тұлғаның жеке меншік

мүдделерін қозғайтын болса, Мемлекетке ақпарат беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде қарастырылмайды.

## **26-бап**

### **Салықтарды жинауға көмектесу**

1. Мемлекеттердің құзыретті органдары табыс талаптарын жинауға бір-біріне көмек көрсетеді. Мұндай көмек 1 және 2-баптардың қолданылуымен шектелмейді. Мемлекеттердің құзыретті органдары өзара келісім бойынша осы баптың қолданылу рәсімдерін белгілей алады.

2. Осы бапта қолданылатын «табыс талабы» термині салық салу осы Конвенцияға немесе қатысушылары Мемлекеттер немесе олардың орталық немесе жергілікті билік органдары болып табылатын кез келген халықаралық шартқа қайшы келмейтіндей дәрежеде олардың атынан салынатын салықтың кез келген түріне қатысты тиесілі соманы, сондай-ақ осы сомаға қатысты пайыздарды, әкімшілік айыппұлдарды және оларды жинау мен сақтауға арналған шығындарды білдіреді.

3. Егер Мемлекеттің табыс талабы осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес орындалуы тиіс болатын және осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес оны жинауға сол сәтте кедергі келтіре алмайтын тұлға іске асыратын жағдайда, мұндай табыс талабы екінші Мемлекеттің құзыретті органының сұрау салуы бойынша екінші Мемлекеттің құзыретті органы ретінде жинау мақсатында танылатын болады. Мұндай табыс талабын осы екінші Мемлекеттің табыс талабы болып табылатындай табыс талабы сияқты өзінің салықтарын жинауға қатысты қолданылатын оның заңнамасының ережелеріне сәйкес екінші Мемлекет жинауға тиіс.

4. Егер Мемлекеттің табыс талабы, жинауды қамтамасыз ету мақсатында оған қатысты осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес сақтау жөніндегі шараларды қолданатын табыс талабы болып табылатын жағдайда, мұндай табыс талабы осы Мемлекеттің құзыретті органының сұрау салуы бойынша екінші Мемлекеттің құзыретті органының сақтауы жөніндегі шараларды қолдану мақсатында танылады. Бұл екінші Мемлекет өз заңнамасының ережелеріне сәйкес осы табыс талабына қатысты сақтау жөніндегі шараларды, егер де осындай шараларды қолдану сәтінде табыс талабы алғашқы аталған Мемлекетте жүзеге асырылмаса да немесе оны жинауға кедергі келтіре алатын тұлғаға тиесілі болса да осы табыс талабы осы екінші Мемлекеттің табыс талабы болатыны сияқты қолданады.

5. 3 және 4-тармақтардың ережелеріне қарамастан, 3 және 4-тармақтардың мақсаттары үшін Мемлекет таныған табыс талабына осы Мемлекетте уақытша шектеулер қойылуға немесе талаптың сипатына қатысты осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес табыс талаптарына қолданылатын оның басымдылығын айқындауға жатпайды. Осыған қосымша ретінде, 3 және 4-тармақтардың мақсаттары

үшін Мемлекет қабылдаған табыс талабының осы Мемлекетте екінші Мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы табыс талабына қолданылатын басымдылығы болмайды.

6. Мемлекеттің табыс талабының болуына, заңдылығына немесе сомасына қатысты сот істері екінші Мемлекеттің соттарына немесе әкімшілік органдарына берілмейді.

7. Егер Мемлекет 3 немесе 4-тармақтарға сәйкес сұрау салу жібергеннен кейін және екінші Мемлекет тиісті табыс талабын өндіріп алып, алғашқы аталған Мемлекетке бергенге дейінгі жағдайда, тиісті табыс талабының:

а) алғашқы аталған Мемлекеттің табыс талабы осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес орындала алатын және осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес оны жинауға сол сәтте кедергі келтіре алмайтын тұлғаға тиесілі болатын кезде 3-тармаққа сәйкес келетін сұрау салынатын жағдайда немесе

б) табыс талабы, жинауды қамтамасыз ету мақсатында оған қатысты осы Мемлекет өзінің заңнамасына сәйкес табыс талабы сомасының сақталуы жөніндегі шараларды қолданыла алтын кезде 4-тармаққа сәйкес келетін сұрау салынатын жағдайда қолданылуы тоқтатылады, алғашқы аталған Мемлекеттің құзыретті органдары екінші Мемлекеттің құзыретті органдарына осы факті туралы дереу хабарлайды және екінші Мемлекеттің таңдауы бойынша алғашқы аталған Мемлекет өзінің сұрау салуын тоқтата немесе кері қайтарып алады.

8. Осы баптың ережелеріндегі ешқандай жағдайда да Мемлекеттерге мынадай міндеттемелерді жүктеу:

а) осы немесе екінші Мемлекеттің заңнамасына және әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;

б) мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәртіпке) қайшы келетін шараларды қолдану;

с) егер екінші Мемлекет нақты жағдайға байланысты Мемлекеттердің заңнамаларына немесе әкімшілік практикасына сәйкес табыс талабын жинау мен сақтау жөніндегі барлық тиісті шараларды қолданбаса, көмек көрсету;

д) осы Мемлекетке жүктелетін әкімшілік ауыртпалық екінші Мемлекет табатын пайдаға мөлшері жағынан сәйкес келмеген жағдайларда көмек көрсету ретінде түсіндірілмейді.

## **27-бап**

### **Дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызметкерлері**

Осы Конвенциядағы ештеңе де дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер қызметкерлерінің халықаралық құқықтың жалпы нормалары беретін немесе қатысушылары Мемлекеттер болып табылатын халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес берілетін артықшылықтар сияқты салық артықшылықтарын қозғамайды.

## 28-бап

### Күшіне енуі

1. Осы Конвенция ратификациялануы тиіс және Мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындауы туралы соңғы хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Конвенция :

а) осы Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1 қаңтардан кейін төленетін немесе есепке алынатын сомаға қатысты төлем көзінен ұсталатын салықтарға;

б) осы Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан немесе 1 қаңтардан кейін басталатын салық кезеңіне қатысты басқа да салықтарға қатысты қолданылады.

## 29-бап

### Өзгерістер мен толықтырулар

Мемлекеттердің өзара келісімі бойынша осы Конвенцияға осы Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізіле алады. Хаттамалар ратификациялануы тиіс және Мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындауы туралы соңғы хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

## 30-бап

### Қолданылуын тоқтату

Осы Конвенция Мемлекеттердің бірі оның қолданылуын тоқтатпайынша күшінде қала береді. Кез келген Мемлекет Конвенция күшіне енген күннен бастап бес жылдық кезең өткеннен кейінгі кез келген күнтізбелік жылдың аяқталуына кемінде алты ай қалғанда қолданылуын тоқтату туралы дипломатиялық арналар арқылы хабарлама жібере отырып, Конвенцияның қолданылуын тоқтата алады. Мұндай жағдайда, К о н в е н ц и я :

а) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1 қаңтардан кейін төленетін немесе есепке алынатын сома бойынша төлем көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

б) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі екінші күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1 қаңтардан кейін басталатын салық кезеңі үшін басқа да салықтарға қатысты өзінің қолданылуын тоқтатады.

Астана қаласында 2006 жылғы қараша айының 6 күні қазақ, армян және орыс тілдерінде әрқайсысы екі дана етіп жасалды. Барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы

Конвенцияның ережелерін түсіндіруде алшақтықтар пайда болған жағдайда, Мемлекеттер орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ      АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ҮКІМЕТІ ҮШІН                      ҮКІМЕТІ ҮШІН**

2006 жылғы 6 қарашада Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы Конвенцияның бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
	<i>С ы р т қ ы      і с т е р</i>	<i>м и н и с т р л і г і н і ң</i>
	<i>Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ</i>	<i>д е п а р т а м е н т і</i>
<i>Директорының орынбасары</i>	<i>А. Кенжебаева</i>	

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен мүлікке салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы Конвенцияға хаттама**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы Конвенцияға қол қойған кезде екі Үкімет мынадай ережелер осы Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылатынына уағдаласты.

**Конвенцияның 5-бабының 4-тармағына қатысты:**

Осы Конвенцияның 5-бабының 4-тармағының ережелері кәсіпорынның тауарлар мен бұйымдарды сату жағдайларын қамтымайды.

**Конвенцияның 8-бабының 2-тармағына қатысты:**

Осы Конвенцияның 8-бабының 2-тармағының мақсаттары үшін көлік құралдарын жалға беруден түсетін табыс халықаралық тасымалдауда экипажымен қоса теңіз немесе әуе кемелерін және автомобиль көлігін жалға беруден түсетін табысты қамтиды.

Астана қаласында 2006 жылғы қараша айының 6 күні қазақ, армян және орыс тілдерінде әрқайсысы екі дана етіп жасалды. Барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде алшақтықтар пайда болған жағдайда, Мемлекеттер орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ      АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ҮКІМЕТІ ҮШІН                      ҮКІМЕТІ ҮШІН**

2006 жылғы 6 қарашада Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке

салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы Конвенцияға хаттамасын бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*  
*С ы р т қ ы            і с т е р                      м и н и с т р л і г і н і ң*  
*Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ                      д е п а р т а м е н т і*

*Директорының орынбасары*

*А. Кенжебаева*

**РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Конвенция мен оған Хаттаманың мәтіні армян тілінде берілген.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК